

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техникасы кафедрасы

Ахбаева Ж.А.

Көлемі 65 л дайын илемді құрылыс материалдарын гравитациялы  
араластыратын құрылымды жаңғырту

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

5B071300 – «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығы

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техникасы кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

Кафедра меңгерушісі,

техн. ғылым. д-ры, профессор

\_\_\_\_\_ С.А. Машеков

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2020 ж

### **ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

Тақырыбы: «Көлемі 65 л дайын илемді құрылыс материалдарын гравитациялы  
араластыратын құрылымды жаңғырту»

5B071300 -«Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығы  
бойынша

Орындаған

Ахбаева Ж.А.

Ғылыми жетекші

техн. ғыл. д-ры, профессор

\_\_\_\_\_ К.К. Шалбаев

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2020 ж

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Сәтбаев университеті  
Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты  
Көлік техникасы кафедрасы  
5B071300 - «Көлік, көлік техникасы және технологиялары»

**БЕКІТЕМІН**

Кафедра меңгерушісі,  
техн. ғылым. д-ры, профессор  
С.А. Машеков

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2020 ж

**Дипломдық жұмыс орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Ахбаева Жазира Абдигалиевна

Тақырыбы Көлемі 65 л дайын илемді құрылыс материалдарын гравитациялы араластыратын құрылымды жаңғырту

Университет басшысының «27» 01. 2020 ж №762-б бұйырығымен бекітілген Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «15» мамыр 2020 жыл

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: Қолданыстағы араластырғыштардың конструкциясы, ғылыми-техникалық оқулықтар және патентті ақпараттар

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

- а) Жалпы бөлімі
- б) Жобалық-конструкторлық бөлімі
- в) \_\_\_\_\_

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс) \_\_\_\_\_

- 1. Құрылымдар анализі – 1 бет;
- 2. Құрылымның жалпы көрінісі -1 бет;
- 3. Құрылымның құрама сызбалары– 3 бет;
- 4. Бөлшектер – 1 бет

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 17 атау

Дипломдық жұмысты дайындау  
**КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Жалпы бөлімі		
Жобалық-конструкторлық бөлімі		

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған  
**қолтаңбалары**

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Жалпы бөлімі	К.К.Шалбаев, техника ғылымдары докторы, профессор		
Жобалық-конструкторлық бөлімі	К.К.Шалбаев, техника ғылымдары докторы, профессор		
Норма бақылау	Р.А. Козбагаров, техника ғылымдары кандидаты, доцент		

Ғылыми жетекші \_\_\_\_\_ К.К.Шалбаев

Тапсырманы орындауға алған білім алушы \_\_\_\_\_ Ж.А. Ахбаева

Күні «\_\_» \_\_\_\_\_ 2020 ж.

## АНДАТПА

«Көлемі 65 л дайын илемді құрылыс материалдарын гравитациялы араластыратын құрылымды жаңғырту» тақырыбына дипломдық жұмысты автордың қорытынды аттестациясына және бакалавр академиялық дәрежесін алуға ұсынылады.

Осы дипломдық жұмыста құрылыс материалдарының гравитациялық араластырғышы модернизацияланды. Осының нәтижесінде өндірістік және патенттік мәліметтер құрастыру нысанының талдамасы жасалып, бетон араластырғыштардың негізгі түйін құрылымдары жүргізілді.

Жобада негізгі параметрлердің таңдауы жүргізілген, қажетті есептемелер орындалған және жұмыс сызбалары өңделді.

Түсіндірме жазбасы 42 беттен тұрады, графикалық бөлімінде А1 форматындағы 6 парақ бар.

## АННОТАЦИЯ

Дипломная работа на тему: «Модернизация конструкции гравитационного смесителя строительных материалов с объемом готового замеса 65л», представляется для итоговой аттестации автора и присвоения академической степени бакалавра.

В данной работе был модернизирован гравитационный смеситель строительных материалов – бетоносмеситель. В результате чего проведён анализ объекта разработки производственных и патентных данных, была произведена разработка конструкции основных узлов бетоносмесителя, проведен анализ технологичности конструкции.

В работе произведен выбор основных параметров, выполнены необходимые расчеты и разработаны рабочие чертежи.

Пояснительная записка изложена на 42 страницах, графическая часть содержит 6 листов формата А1.

## **ABSTRACT**

Diplomatic work on the topic: “Modernization of the design of the gravitational mixer of building materials with the volume of the finished batch 65l”, is presented for the final certification of the author and assignment of an academic bachelor's degree.

In this work, the gravitational mixer of building materials - concrete mixer was modernized. As a result, the object of development of production and patent data was analyzed, the design of the main components of the concrete mixer was developed, and the manufacturability of the structure was analyzed.

In the work, a selection of the main parameters was made, the necessary calculations were performed, and working drawings were developed.

The explanatory note is set out on 42 pages, the graphic part contains 6 sheets of A1 format.

## МАЗМҰНЫ

	Кіріспе.....	9
1	Жалпы бөлімі.....	11
1.1	«АДЭКОДОР» ЖШС зауытының қысқаша сипаты .....	11
1.2	Бетон араластырғыштардың құрылымын талдау.....	17
1.3	Патенттік зерттеулер.....	23
1.4	Бетон араластырғыш құрылымдарына қойылатын техникалық талаптар.....	25
1.5	Машинамен орындалатын технологиялық үдеріс.....	26
1.6	Жобалау мақсаты мен міндеті.....	26
2	Жобалық-конструкторлық бөлімі.....	27
2.1	Бастапқы мәліметтерді талдау және негізгі өлшемдерді анықтау.....	27
2.2	Машинаның өнімділігін есептеу.....	28
2.3	Араластырғыш машина жетегінің қуатын есептеу.....	29
2.4	Белдекті берілістерді есептеу.....	32
2.5	Тербеліс мойынтіректерін есептеу.....	34
2.6	Араластырғыш машина жұмысының принциптері мен сипаты.....	39
	Қорытынды .....	41
	Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	42



## КІРІСПЕ

Халық шаруашылығындағы барлық саласындағы өндірістік үрдістер қозғалыстағы көлікпен немесе көлік құралдарымен орындалады. Сондықтан халық шаруашылығының деңгейі машинажасау деңгейімен анықталады.

Бетонмен жұмыс өндірісінде қоспаны дайындау ауыр және аса күрделі үрдістер қатарына жатады. Аталмыш үрдістің сапасы, бұйымның ұзақ мерзімділігі, құрылымы техникалық деңгейге байланысты болады. бетон қоспаларын автоматтандыру әдістермен дайындау еңбек шығындарын кемітіп, өзіндік құнын кемітеді.

Қазіргі таңда коттедж, жер шаруашылығындағы үйлердің құрылысын салу белсенді қарқындап келеді. Бетон және басқа да құрылыс қоспалары кез-келген құрылыстың ажырамас бөлігі болып табылады. Бетон араластырғыштардың түрлі құрылымы бар екенін атап өту қажет, дегенмен жеке шаруашылықта қолдануға ыңғайлы, мобильді түрі жоқтың қасы болып отыр.

Өндірісте бетон араластырғыштардың бірнеше үлгісі шығарылады:

1. Илегіш көлемі 65 л болатын -БА 27;
2. Илегіш көлемі 165 л болатын -БА 30;
3. Илегіш көлемі 330 л болатын -БА 16;
4. Илегіш көлемі 500 л болатын -БА 91.

Аталмыш бетон араластырғыштардың басты кемшіліктеріне: жұмыстың тұрақсыздығы мен төмен сенімділікте болуы, қызмет көрсетудің қиындық тудыруы.

Илегіш көлемі 65 л болатын, құрылыс материалдарын араластырып шайқайтын гравитациялық араластырғыштың модернизациясы өзекті болып отыр.

Жобаның мақсаты техникалық құрылымы бойынша қарапайым, араластыру қызметі мен орналасу принципі бойынша ыңғайлы, қызмет көрсету мен қолданыс қызметінің ұзақ мерзімділігін қамтитын, одан әрі қосалқы шаруашылықта қолданысқа ыңғайлы болатын араластырғышты дайындау, құрастыру.

Кіші габаритті құрылыс техникасының талдамасы негізінде жобалаудың келесі міндеттері тұр:

- бетон араластырғыштардың кіші габаритті құрылымын құрастыру;
- электр қозғалтқыш жетегі ретінде бетон араластырғыштың жұмысын қозғалысқа келтіретін құралдарды қарастыру;
- өндірістің тиімділігін көтеру үшін сандық басқару бағдарламалары бар жоғары білдекпен прогрессивті технологиялық үрдіс құрастырылады;

Жұмыстың ғылыми жаңашылдылығын бірнеше нәтижелермен анықталады:

- Бетон араластырғыштардың сипаты мен бағыттары анықталған;
- Бетон араластырғыштардың құрылымының тиімділігі мен жұмыс қаблетін нақтылайтын есептеулерді туындату.

Жұмыстың практикалық құндылығына келетін болсақ, бетон араластырғыштардың жұмыс қаблеті мен тиімділігі есептеулермен нақтыланған.

Дипломдық жұмыстың теориялық және әдістемелік негіздері зерттелетін техника типі мен бетон араластырғыштардың түрі Internet сайты мен әдебиет көздеріне шоғырланған.

## **1 Жалпы бөлімі**

### **1.1 «АДЭКОДОР» ЖШС зауытының қысқаша сипаты**

#### **1.1.1 Бетон зауытының жіктелуі**

Бетон зауыты соңғы өнімі бетон қоспасын шығаратын бетон шаруашылығының негізгі элементі болып табылады. Оларға барлық бетон материалдарының ағымдары келіп, зауыттан аумағында дозалау, араластыру ұйымдастырылып, дайын өнімдерді көлік құралдарына беріледі.

Бетон зауыттары қондырғыларға, игеру әдістеріне, шығарылатын өнімнің түріне қойылатын талаптарға байланысты әртүрлі болып келеді. Бетон зауыттарын негізінен араластырғыш машинаның қызметіне, қозғалу деңгейіне, негізгі жабдықтарының жинақталуына, басқару жүйесінің жұмыс принциптеріне байланысты жіктейді.

Араластырғыш машиналардың атқаратын жұмысы бойынша бетон зауыттары циклдік және үздіксіз қозғалысты зауыттар деп бөлінген. Циклдік қозғалыстағы қондырғылары ретінде қайталанатын жұмыс циклі бар, атап айтсақ тиеу, араластыру, түсіру сияқты жұмыстарды атқаратын бетон араластырғыш машиналар қолданылады. Үздіксіз тиегіш қондырғыларда тиеу мен түсіру үздіксіз бір мезгілде орындалады.

Атқаратын қызметіне байланысты бетон зауыттары: а) аяқталған технологиялық циклді-демек дайын бетон қоспасы бар зауыт; б) тармақтанған технологиялық циклді-яғни құрғақ қоспалы зауыт; в) комбинирленген циклді-яғни дайын және құрғақ қоспалы зауыт.

Қозғалмалану деңгейі бойынша бетон зауыттары стационарлы және жылжымалы (құрлықта және суда) деп бөлінген. Стационарлы зауыттар өз кезегінде тұрақты қозғалысты және инвентарлы (жинап-құрастырылатын) болғандықтан, құрылыс аяқталған кезде жаңа алаңға шоғырланады. Үнемі жұмыс атқаратын стационарлы зауыт бетон қоспасын тұтынушыларға тасымалдау технологиялық және экономикалық жағдайда қолайлы сипат алады. жылжымалы бетон зауыттары жол бойындағы созылмалы нысандардың іргетасын қалауда қолайлы (мысалы, кеме немесе ирригациялық арналарды, жер асты өткелдерін, байланыс желісін).

Жылжымалы бетон зауыттарына қалқымалы зауыттарда жатады, демек бетон қоспасын жағалық кешендерге беру кезінде, немесе күрделі жағдайда қолданады.

Жылжымалы бетон зауытын қолдану дайын бетон қоспасын тасымалдауды жеңілдетеді. Қалқымалы зауыттар жағалық қоршаулар мен порт құрылыстарын салу кезінде қолданылады.

Негізгі жабдықтарды жинау бойынша бетон зауытының екі түрі ажыратылған: а) мұнара типтес (бір сатылы), яғни сызба бойынша вертикал бойынша жабдыктанып, бетон қоспасының барлық компоненттері мұнараның басындағы таратушы қондырғыларға беріледі, ал одан әрі таралым өзіндік

салмақ есебінен жүреді, демек гравитациялық; б) екі сатылы кейде үш сатылы сызбалы партер типтес жабдықтармен берілген кешен, демек бетон қоспасының компоненттері бірінен кейін бірі 2 немесе 3 есе көтеріледі.

Партер типтес бетон зауыты екі немесе үш бөлікке бөлінген: бірінші бөлімде компоненттер мөлшері қабылданады, екінші мен үшіншіде бетон араластырғыштармен араласып, дайын бетон қоспасын тасымалдаушы құралға береді.

Гидротехникалық құрылыста мұнара типтес бетон зауыты кеңінен қолданылады: бұлар жинақы және жеңіл автоматтанады. Партер типіндегі зауыт әдетте сыйымдылығы шамамен 500 л бетон араластырғыштармен қатар қолданылады.

### **1.1.2 «АДЭКОДОР» ЖШС зауытының сипаты**

«АДЭКОДОР» ЖШС барлық маркалы бетон түрлерін шығарады. Италияндық жабдықтар, білікті қызметкерлер жоғары сапалы бетон алуға мүмкіндік беріп келеді. қыс мезгілінде бетон дайындау үшін аязға қарсы қоспалар SCHOMBURG GmbH (Германия) жән ПОЛИПЛАСТ (Ресей) өндірісінің пластификаторлары қолданылады

«АДЭКОДОР» ЖШС 2008 жылы құрылған. Қазіргі таңда зауыт клиентіне Алматы облысындағы көптеген құрылыс ұйымдары мен жеке құрылысшыларды жатқызуға болады. «АДЭКОДОР» ЖШС өндірісінің бетоны Базис-А және Қуат корпорацияларының нысан құрылыстары кезінде, сонымен қатар «Солнечная долина» коттедж қалашығын салуда қолданылған.

«АДЭКОДОР» ЖШС зауытының басты міндеті-қаттылығы жоғары, М50 және М400 маркалы ауыр бетон өндіру. Зауыт жабдықтары сағатына шамамен 100 куб метр бетон өндіреді. Дайын өнімді бетон қоспасы ретінде үздіксіз Алматы мен Алматы облысындағы елді-мекендерге көлемі 6-9 куб метр болатын автомиксерлермен жеткізеді.

Өндірістің әрбір кезеңі қатаң бақылаудан өтеді. Белгілі болғандай суда болатын хлор иондары, май қоспасы бетонның беріктігін төмендетеді, сондықтан бетон қоспасын даярлау кезінде суға қатаң техникалық талаптар қойылады. Ол үшін зауыт аумағында өзіндік ұңғыма болады, демек таза сумен қамтып, зиянды заттар мен басқа қоспаларды жойып отырады.

«АДЭКОДОР» ЖШС сапалы өнімдерінен басқа өздерінің клиенттеріне түрлі спекторлы химиялық қоспалар ұсынылған, атап айтсақ қатып қалуға қарсы химикаттар мен арнайы пластификаторлар, демек бұлар бетонның беріктігін арттырып, жмірленуге қарсы, суға төзімділігін арттырады. сонымен қатар жоғары сапалы іргетастың қлануы үшін сортаң топырақтар мен төмен деңгейдегі жер асты сулары болуы тиіс.

«АДЭКОДОР» ЖШС бетон өндірісінен басқа бетон қоспалары үшін инертті материалдар мен толтырғыштар өндіріледі, атап айтсақ:

- құм;
- екі фракциялы қиыршықтастар: 5-10 және 10-20;

- шашыранды немесе құйылған цемент.

Барлық инертті материалдар мен толтырғыштар МЕСТ бойынша сертифицирталған.

Сонымен қатар «АДЭКОДОР» ЖШС штаты жоғары білікті мамандармен толықтырылып, кез-келген жоба бойынша кешендер салуда күрделі жұмыстарды орындап, темірбетон мен металл құрылымдарын монтаждауда, сонымен қатар жалпы құрылыстық, жеке жұмыстарын толық сапалы түрде орындайды.

«АДЭКОДОР» ЖШС зауыты өндірістік, ауыл шаруашылық, кәсіпорын қызметіне арналған құрылыстарды салуға қажетті жоғары сапалы ылғалды бетон қоспаларын дайындауға арналған.

Қолданылатын араластырғыштардың екі түрі: екі білікті немесе планетарлы.

Зауыт блоктарды алдын ала жөндейтін типтік түйіндермен және элементтермен жабдықтанған.

Араластырғыштарға қоспаны беру әдісі бойынша зауыт скипті көтергіш пен таспалы конвейер үлгісіне бөлінген.

Бетон өндірісінің барлық кезеңдерін орталықтан басқару мен үздікіз бақылау автоматтандырылған басқару жүйесімен орындалады. барлық өлшегіш-бақылаушы жабдықтар, сонымен қатар автоматика жүйесі мен басқару құралдары оператор кабинасына орнатылады.

Толтырғыштардың қоймасы дозаторларға берілетін инертті материалдарды уақытша сақтауға арналған. Шығындаушы бункер 3-6 секциядан тұрады, сыйымдылығы 30-240 м<sup>3</sup>. Құрылым тозуға төзімді болат пластиналардан жасалып, қосымша беріктік береді.

Бункердің әрбір секциясы дозаторға берілетін толтырғыштарды шығаратын аумақтан құралған. Бергіш

Бункердің әрбір секциясы дозаторды толтыратын екі түтікпен жабдықтанған. Жабынды жапқыштар пневматикалық цилиндрлердің соққылары арқылы қозғалысқа келеді. жапқыштардың сапасын жақсарту үшін жылдам жауып, қажетті мөлшерде материалдарды тиімді шашыратып отырады.

Құмға арналған бункерлерді вибратормен жабдықтайды, бұлар жеке плиталарда жөнделіп, дірілді төмендетіп, бункер құрылымындағы металдың ескіруін кемітеді.

Таратушы бункердегі толтырғыштарды беру түрлі әдістермен орындалады: шөмішті тиегішпен, пандусты самосвалмен, еңкіш конвейермен және т.б.

Толтырғыштардың салмағын мөлшерлеу блогына толтырғыштар қоймасының тірегі, мөлшерлегіш, өлшеу жүйесі мен толтырғыштар экстракциясы кіреді.

Өлшеу жүйесінде нақты және сенімді тензометриялық датфиктер қолданылады, өлшеу нақтылығы 0,2%. Датчиктердің корпусы тот баспайтын болаттан жасалып, ылғал түспеуі үшін герметикалық түрде жабынған.

Датчиктерде сыртқы ортадан қорғайтын қорғаныс жабыны бар.

Мөлшерлегіш дегеніміз 3-6 бөліктерге бөлінген бункер (толтырғыш қоймасының секциялар саны бойынша), сондықтан материалды мөлшерлеуге түскен порцияларды қабылдау үшін қызмет атқарады.

Өлшеу жүйесінің конвейерлері мен экстракцияда екі қабатты, қалыңдығы 7 мм болатын нейлоннан жасалған таспалар болады, ал жүк бөлігінде – үштармақ аунақшалар, әрбір 40 см сайын орналасып, таспа пішіні ретінде иілімденіп, көлденеңінен аунақшаларды ұстап тұрады. Барлық аунақшаларда өздігінен майланатын мойынтіректер болады. конвейерлердің жетекші барабандарында сырғудың алдын алатын резиналы жабындар болады.

Толтырғыштар порциясымен өлшеу жүйесіне таратушы қойма бункерінің қоректендіргіштері арқылы беріледі. Қосылатын порциялардың көлемі толтырғыш бункері жапқышының ашылу уақытын кеміте отырып, басқару жүйесімен ретке келеді. Аталмыш шара нақты толтырғыштың қажетті салмағына жеткенше қайталанып отырады, осыдан кейін басқару жүйесі конвейер жетегі мен мөлшерленген материалдарды араластырғыштарға тасымалданатын толтырғыштар жүйесіне береді.

Мөлшерлегіш блогынан материалдарды араластырғыштарға тасымалдау үшін таспалар мен скипті көтергіштер қолданылады. Таспалы конвейерлер арқылы араластырғыштарға инертті толтырғыштарды салуға болады. Шектеулер қойылған құрылыс аумақтары үшін скипті қондырғылар орнату ұсынылып, зауытты жинақы етіп көрсетеді.

Құрылымды таспалы еңіс конвейерлер шевронды қималы таспамен жабдықталған. Осылар арқылы конвейердің еңістену бұрышын ұлғайтып, конвейердің ұзындығы мен зауыт алып жатқан аумақты кемітеді. Белгілі болғандай миксерге тура берілген материалдар, алдын-ала бункердің қабылдағыштарына жиналады.

Арқанды екі еселеп ораған барабаны бар скипті механизм екі жылдамдықпен шөмішті көтеру мен түсіру арқылы тапсырыс берушіге жіберіледі. Шөмішті бағыттаушы рельспен бірге болат аунақшаларға орналастырып, қозғалыс кезіндегі тұрақтылығын қамтиды. Механикалық және электрлік сақтандырғыш қондырғылар қоршаулар мен басқа қорғаныстармен үйлесім бере отырып, скиппен жұмыс кезінде жоғары деңгейлі қауіпсіздікті кепілдендіреді.

Көтергіштерді арқандарды шатастырмайтын жүйемен жабдықтаған, демек аунақша мен өшіргіштер ұшымен толық қауіпсіздікті сақтай отырып, шөмішті толық тоқтата алады. Жүктегіш люк шөміштің түбінде орналасып, шығыңқы конус пішініне ие. Жинақтаушы бункер миксерге ену үшін қажет емес, өйткені оның қызметін скипті шөміш атқарады.

Цементті мөлшерлегіш жүйесінде тасымалдау жабдықтары, мөлшерлегіш, цементті өлшегіш таразы болады.

Сүрлеуден цементті мөлшерлегішке тасымалдау үшін бұрандалы конвейерлер қолданылады. Жинаққа бәсеңдеткіш, қозғалтқыш, қаптама, сүрлеумен бекіту элементі кіреді. Конвейерлерді еңіс жағдайда орнатып,

сүрлеумен бірге бекітеді.

Конвейерлер тәуелсіз жағдайда жұмыс атқарады, түрлі маркалы цементті бере отырып, басқару жүйесінің талаптары бойынша қызметін жалғастырады.

Болат пластиналардан жасалған бункер қоректендіргішпен, ауаны жоятын сүзгіен, электропневматикалық өткізгіш клапанмен, вибратормен, пластификация қондырғысымен жабдықталған. Мөлшерлегішті миксер үстіне орнатады. Мөлшерленген цемент миксерге өздігінен ағу арқылы келеді.

Тензодатчиктердегі элеткронды өлшеу жүйесі арқылы нақты өлшем 0,2% орындалады.

Тензодатчиктерді қолдана отырып судың салмағын мөлшерлеу сулы цемент қатынасындағы жоғары нақтылықты қамтиды. Мөлшерлегіштің құрылымы миксерге суды жылдам беру үшін қолданылады.

Толтырғыштарды ылғалдау мен компьютерлік басқару жүйесінің датчиктерін зауыт құрамында қолдану арқылы қосылған судың мөлшерін автоматты түрде түзетіп, су/цемент қатынастарын анықтай аламыз.

Пневматикалық түйіндер ауаны жапқыштар мен аэраторға беруге дайындау үшін арналған. Түйіндер компрессорлармен, ауа баллондарымен, реттегіштермен, клапанмен, майлағыш жүйемен жабдықтанған.

«АДЭКОДОР» ЖШС горизонталды екі овалды араластырғыштармен жабдықтанған.

Араластырғыштарды қалың болат плиталардан жасайды, ішкі құрылым беті қосымша тозуға төзімді қалыңдығы 12 мм болатын шойын болатпен қорғалған.

Басқарылатын гидравликалық жүктегіш жапқышты жүктеу үшін оңға және солға қарай ашық жабуға болады. Қажет болғанда жапқышты таймер бақылауы арқылы жартылай аша аламыз. Жапқышты қолмен ашу қарастырылған.

Екі синхронданған білік кері бағытта айналып, тозуға төзімді қалақшалары бар 12 иінтірекпен және хромды никельді марганецті ванадийлі болатпен жабдықталған.

Біліктер тазартқыш сақинамен және мойынтриектерді майлауыш орталығымен қамтылып, лабиринтті тығындауыштармен қорғалған.

Біліктер беріліс қорабы арқылы қозғалыстарға келеді, олар элктрлік қозғатқыштармен ілмекті белбеу арқылы бәсеңдеткішті соққылар мен шамадан тыс жүктемеленуден сақтайды.

Тегіс араластыру кезінде су бетонға шашырап кетеді. Бұл жүйе араластырғыштарды тазарту үшін қолданылады.

Тәрелкелі планетарлы араластырғыштар вертикалды жетекпен орналасып, білік осьтерімен айналады. Араластырғыштардың үлгісіне байланысты, бір немесе екі араластырғыш жұлдызшалар қолданылады, әрқайсысында үш иінтірек бар. Жетектері бір немесе екі электрқозғалтқыштармен орындалады.

Араластырғыштардың табаны мен қабырғаларының бетін ауыспалы төзімділігі жоғары шойын болат пластиналарымен көмкерген. Араластырғыш

қалақтары бар иінтіректер вертикальды ось бойы айналып, араластырғыш бактің беткі қабатын жауып жатады. Араластырғыш табанындағы люк автоматты басқарылатын гидроцилиндр көмегімен ашылады, ал қажет болғанда қолмен де ашылып жатады. Араластырғыш өлшемдері бойынша орналасқан инспекциялық люктер тазарту үшін, бақылау үшін, араластыру қызметін көрсету үшін қолайлы болады.

Өлшемі 2x3 м болатын басқару кабинасы шыныланып, электрофицирленген.

Кабинада, электр топтары, басқару пульті, баспалау қондырғысы, микропроцессорлық немесе компьютерлік басқару жүйесі орналасқан. Барлығы бір адамның зауытты ешқандай кедергісіз басқаруына арналған.

Терминал максималды түрде механикалық және электрлік бұзылыстардан қорғалған. Барлық басқару бөлімдері төмен кернеумен 48В техникалық қауіпсіздік ережелерінің талаптарына сай қуаттанып отырады. Синоптикалық панель арқылы әрбір блоктың атқаратын қызметі реттеледі.

Негізгі басқару бөлімдері:

Псақтау бункерін таңдауды ажыратқыш;

Білікті конвейерге цемент қосуды басқару бөлімі;

Толтырғыш жылжымалы бункерлерді басқару құрылымы;

Горизонталды конвейерлерді басқару құрылымы;

Еңісті конвейер немесе скипті басқару құрылымы;

Цемент пен құм вибраторын басқару құрылымы;

араластырғыштарды басқару құрылымы;

апатты жағдайда тоқтату баспағы.

Жүйе алдын-ала 380 В, 50Гц желісінде орнатылған.

Басқару жүйесі автоматты, қолмен басқару жүйесі де қарастырылған.

Автоматты түрде басқару микропроцессор немесе компьютер көмегімен орындалады.

Сенімді түрде үздіксіз қолайсыз климаттық жағдайда, ылғалды режимде жұмыс атқара алады, тұрақты дірілге, күшті электромагнитті кедергілерге ұшырамайды.

Соңғы үш айда орындалған барлық өндірістік цикл туралы ақпараттары бар арнайы мәліметтер базасы құрылған: шығарылған бетонның әрбір кубометрі туралы ақпараттар күні мен сағаты бойынша сұрыпталып, басылып, электронды түрде беріледі.

Жүйе арқылы материалдардың шығынын білуге болады, сондықтан қолда бар материалдар арқылы өндірістің мүмкіндік туралы ақпарат бере отырып, қоспаның жеке компоненттеріне деген тапсырысты алдын-ала ескерте аламыз.

Мәліметтер базасындағы кез-келген ақпараттар дискетке сақталып, немесе модемдік байланыспен әкімшілікке беріледі, сонда ақпарат алмасу оперативтілігі артып, шикізатты қолданудың статистикасы есепке алынып, өндірісті жоспарлау мен талдау жүргізіледі.

Есеп тіліктері мен түсіндірмелер стандартты үлгімен немесе клиенттің ағымдық қажеттіліктеріне сай құрылады.



Қағазға басылған барлық мәліметтер өзгерістер үшін сақталады, мысалы, кейбір қалдықтарымен машина зауытқа қайтарылған болса: түсіндірме парағындағы мәліметтер дискетке жеңіл жазылып, модем арқылы есептеулерді түзету үшін модем арқылы әкімгерге беріледі.

Өндірістің технологиялық дайындығы кезінде жүйе автоматты түрде қажетті компоненттерге сай циклді реттеп, жеке көлік құралдарына қажетті максималды жүктемені есепке алады.

Жүйе арқылы әрбір клиент үшін техникалық жабдық сипаты мен өндірістің тиімділігіне қатысты барлық статистикалық есептерді жазылады.

Қажетті датчиктер болған кезде сулы цемент автоматты түрде түзетіліп, толтырғыштардың ылғалдық өзгерістерін есепке алады.

Цемент салу цементтөткізгіштері арқылы қоймадан немесе цемент тасымалдағыштармен орындалады. Банкідегі цемент деңгейі деңгейлік датчиктермен бақыланады (жоғарғы және төменгі). Цемент банкілерінің төменгі бөлігінде цементті аэрациялау үшін сығылмалы ауа өткізетін штуцер орнатылған. Сүрлем атмосфераға цементті түсірмес үшін арнайы сүзгілермен жабдықтанған.

Қолданылатын технологияның түріне байланысты, сүрлемде түрлі маркалы цемент сақталады.

Басқару жүйесі толтырғыштардың бөліктеріндегі материалдардың ылғалдылығын бақылап, автоматты режимде дайындалатын қоспадағы сулыцемент қатынастарына түзетулер енгізе алады. Сулыцемент қатынастарына құмның әсері мол. Сондықтан құмы бар таратушы бункерге ылғалдылық датчиктерін орнату ұсынылып келеді, демек автоматты басқару жүйесіне қосылады.

Ерітінділерге сұйық қоспаларды қосу үшін автоматты мөлшерлегіштер мен таратқыштарды қолданамыз. Қоспаларды беруді басқару кабинадан орындалады, мұнда қоспаларды мөлшерлегіш пен сорап ыдыстары орналасқан. Жеткізгіштердің жинағына құбырөткізгіштер енген.

Зауыт еңкішті таспалы конвейермен және биіктігі 3 м болатын қабылдағыш бункермен жабдықталған.

Материалдар шөмішті тиегіштермен жер бетіндегі қабылдаушы бункерге беріліп, тасымалдағыштарға келіп түседі. Тасымалдаушының жүктелу жағы толтырғыш қоймасының қабылдаушы бункеріне бейімделе алады.

Дайындалған қоспаның нақты сипатын анықтау үшін зауыт мен цемент қатынасын реттегішпен, араластырғыштағы сынамалық талдамалармен жабдықталған.


## **1.2 Бетон араластырғыштардың құрылымын талдау**

Зерттеу нысаны құрамына енген ірі және кіші толтырғыштарды, цементті, суды, қатты және сұйық қоспаларды араластыру жолымен бетон қоспасын дайындауға арналған бетон араластырғыш.

Периодты қозғалыста болатын гравитациялық араластырғыштар кеңінен

таралған, яғни лақтырғыш тіректерге орналасқан екі конусты барабан мен қабырғалық қалақшалары бар құрал болып табылады (сурет 1.1).

Араластыру кезінде барабанға құйылған қоспалар кезекпен жоғары немесе төмен ауырлық күші әсерінен қозғалыс жасайды.



1 – араластырғыш барабан; 2 – қалақша; 3 – бәсеңдеткіш; 4 – тежегіш диск; 5 – жиек; 6 – электроқозғалтқыш; 7 – ілмекті белдемді берілістер; 8 – тіркеме

1.1 – сурет - Бетон араластырғыш БА-27


Бетон араластырғыш БА – 27 (құрастырушы – ВНИИ құрылыс, дайындаушы – Түмендегі құрылыс машиналар зауыты) илеу көлемі 65 литр болатын құрылым дөңгелекпен жылжымалы қондырғы, демек орташа көлемді бетон жұмыстарын орындауда қолданылады. Жанама қондырғы болып табылады. Құрамдас компоненттерді қолмен салады.

Бетон араластырғыш араластырғыш барабаннан, бәсеңдеткіштен, электроқозғалтқыштан, бұрғыштан, барабанды белгілегіштен, жиектен, жүріс бөліктерінен тұрады. Баспақтап дәнекерлеу барабанының құрылымы конустан, цилиндрлік белдемнен, табаннан, бәсеңдеткіштің білііне барабанды орнататын төлкеден құралған.

Барабан жетегі электроқозғалтқышпен қозғалысқа келіп (1.2 сурет қараңыз) ілмектібелдемді берілістермен, цилиндрлік бәсеңдеткішпен, білікпен бірге барабанға жалғанған.

Етонараластырғыш БА– 30 (құрастырушы- ВНИИқұрылыс, шығарушы –

Славяндық құрылыс машиналарын жасау зауыты) – илеу көлемі 165 литр болатын құрылым ретінде (1.3 сурет) орташа өндiргiштiкпен партерлiк қондырғыларды қолдануға арналып, көтергiштерге, бетонараластырғыштарда орналасқан барабанға мөлшерлеп қоспа компоненттерiн берудi қамтиды, содан кейiн дайын қоспа тасымалдау құралына жеткiзiледi.



1 – қозғалтқыш; 2 – iлмектi белдемдi берiлiс; 3 – құбыр; 4 – бәсеңдеткiштiң бiлiгi; 5 – штурвал; 6 – бәсеңдеткiштiң iлiгi; 7 – бәсеңдеткiш корпусы


1.2 - сурет - Кинематикалық сұлба

Барабан жетегiнiң механизми (1.4 сурет) дәнекерленген траверсте орналасқан. Дайын қоспаны түсiретiн барабан штурвалдан, бiр сатылы бәсеңдеткiштен, белгiлегiштен тұрады. Скип шөмiшiнiң жетегi фланецтi электрлiк қозғалтқыш арқылы өздiгiнен тежелетiн бұрамдық бәсеңдеткiшiмен орындалады, мұндағы бiлiкте скиптi шығыры бар екi барабан орналасқан. Скиптi шығыр жетегiнiң қозғалысында екi ажыратқыш бар, бұлар скип шөмiшiнiң шеткi жағындағы электрқозғалтқышын өшiредi.

БА – 30 бетон араластырғыш илеуге қажеттi су мөлшерiн өлшейтiн су өлшегiштерiмен жабдықтанған.

БА– 16 бетон араластырғыш (құрастырушы – ВНИИ құрылыс, өндiрушi – түмендегi құрылыс машиналарын жасау зауыты) – илегiштiң 330 литр көлемiнде (1.5 сурет) партрлi бетонараластырғыш қондырғылар үшiн арналған. Араластырғыш барабан екi конустық қимадан тұрады, яғни цилиндр сыртымен қосылған. Барабан iшiнде сегiз фасонды араластырғыш қалақшалар орналасқан. Цилиндр бетi бойынша барабандар тiстi тәждiң құрсаумен оралған. Құрсау екi тiректi аунақшамен тiрелген, траверсте жөнделiп, ұстап тұратын


аунақшалармен белгіленеді. Түсіру кезінде барабан траверспен ірге бұрылып, екі сырғымалы мойын тірек жақтау бағаналарына тіркеледі.



1 - бағыттаушы швеллерлер, 2- басқару пульті, 3 – тиегіш шөміш, 4 - арқан, 5 – көтеру механизмі мен шөмішті түсіру, 6 – су мөлшерлегіш, 7 - штурвал, 8 - бәсеңдеткіш, 9 - электроқозғалтқыш, 10 - педаль, 11 - жақтау, 12 - барабан, 13 – тартқыш


1.3–сурет - БА – 30 бетон араластырғыш

1.4



1 – тигіш шөміш; 2 – ажыратқыш ұштарына әсер ету үшін бұрамдық дөңгелектеріндегі бұрамдық берілістері; 3 – бұрамдық беріліс; 4 – электроқозғалтқыш; 5 – араластырғыш барабан; 6 – бәсеңдеткіш; 7 – барабанды қолмен лақтыру қозғалысының штурвалы; 8 – тежегіш; 9 – барабанды лақтыру қозғалысының бәсеңдеткіші; 10 – электроқозғалтқыш

1.4 – сурет- БА-30 кинематикалық сұлбасы



1 – шөмішті бағыттаушы; 2 – скипті көтергіш жақтауы; 3 – шөміш; 4 – шөмішті көтеру механизмі; 5 – шөмішті көтеру механизмінің электроқозғалтқышы; 6 – тісшелі тәж; 7 – бітеуіш; 8 – араластырғыш барабан; 9 – басқару пульті; 10 – жақтау; 11 – гидроцилиндр

1.5-сурет - БА – 16 бетон араластырғыш


Барабанның айналу механизмі фланцті электрлік қозғалтқыштан және бәсеңдеткіштен, барабанның тісті тәждеріне ілініскен сыртқы шестернен құралған. Түсіру кезінде барабанды лақтыру гидроцилиндрмен орындалады. Скипті шөмішті көтеру қозғалысы БА-30 бетона араластырғыштарға ұқсас.

БА – 91 бетон араластырғыш (құрастырушы- ВНИИқұрылыс, өндіруші-Славяндық құрылыс машиналарын жасау зауыты) – көлемі 500 литр болатын илеуіштен (1.6 сурет), жақтаудан, араластырғыш барабаннан, траверстен, айналу механизмінен, араластырғыш барабанды лақтыру қозғалыстарынан тұрады.

Араластырғыш барабан қималы конус пен сыртқы беттен құрылған құрылым. Барабан ішінде алты тегіс қалақша орналасқан.

Араластырғыш барабанның айналдырғыш редукторы траверске бекітілген. Редуктор цилиндрлік, екі сатылы, екі тісшелі Новиков іліністеріне ие. Редвектордан шыққан білікке араластырғыш барабан орнатылған.

Араластырғыш барабанды төңкері қозғалысы гидроцилиндрден, гидрожетектен құралып, бетон араластырғыш жақтауының қабырғасына орналастырылған.



1 – араластырғыш барабан; 2 – жақтау тірегі; 3 – траверс; 4 – редуктор; 5 – барабанның айналу электроқозғалтқышы; 6 – траверс цапфасы; 7 – гидротөңкергіш; 8 – жақтау асты

1.6 – сурет-БА – 91 бетон араластырғыш

БА-16 бетон араластырғышқа қарағанда БА – 91 үшін алмұрт тәріздес ір қуысты барабан қолданылады, толу деңгейі екі тесікті екі конусты барабандарға қарағанда 40% жоғары.

Тозуға ұшырап, шулы дыбыстар мен қызмет көрсетуге қауіпті БА-16 аық берілістері жинақы екі сатылы редукторы бар БА-91 алмастырылған, яғни шестерндері майлы шомылғыларда жұмыс атқарады.

Фасонды иілмелі қалақшалар орнына осы өлшемдегі машиналар қолданылған, ал БА-91 бетон араластырғышта технологиялық тұрғыдан жақсырақ болып келетін тегіс қалақшалар орналасқан, бұлар жұмыс кезінде тозуға төзімділікті арттырады.

Құрылыс ерітінділері мен кез-келген консистенцияны араластыратын циклдік бетон араластырғыштар да бар. Бұларды кіші түйірлі аз қозғалмалы және қатты бетон қоспалардан темірбетон бұйымдарын жасауға қолданады. Мөлшері 40 мм болатын толтырғыштардың ірі фракцияларынан қоспаларды даярлауды бұл машиналармен орындаудың қажет жоқ, өйткені бір-ірімен ілінісіп, кептеліп, қозғалмалы қалақшалар арасындағы ірі толтырғыштар майдаланып қалады, сонда машинаның сенімділігіне кері әсерін тигізеді.

Жылжымалы қоспалар үшін гравитациялық бетон араластырғыштарды, арзан және қарапайым құрылымды машиналарды, қуат көзін аз тұтынатын, металл құрылымы шамалы қондырғылар қолдану қажет.

Қорытындылай келе прототипі алынған БА-57 бетон араластырғышын қолдану тиімдірек болып отыр (илеуіш көлемі, құрылымның қарапайымдылығы және т.б.).

### 1.3 Патенттік зерттеулер

Патенттік зерттеулердің міндеті: гравитациялық араластырғыштардың даму тенденциялары мен техникалық деңгейін зерттеу.

#### 1.1 - Кесте - Патенттік зерттеулер

Іздестіру пәні (зерттеу нысаны, құрамдас бөліктері)	Өндіруші ел, сақталған құжат нөмірі мен түрі, жіктелу индексі *	Өтініш беруші (патент иелері), Елдер. Тапсырыс нөмірі, приоритет күні, жариялымдар *	Өнертабыс атауы (толық моделі, үлгі)
1	2	3	4
Құрылыс материалдарын гравитациялық араластырғыш	СССР, патент SU 1645166 A1, 5 B 28 C 5/16	Лукин И.М. және т.б. СССР, приоритет 12.12.88. Бюл. №16 30.04.91	Гравитациялық араластырғыш
	СССР, патент SU 1652076 A1, 5 B 28 C 5/16	Емченко С.В. және т.б. СССР, приоритет 12.07.88. Бюл. №20 30.05.91	Цемент ерітінділерін дайындау қондырғысы
	СССР, патент SU 1595651 A1, 5 B 28 C 5/20	Оренбойм Б.Д. СССР, приоритет 12.01.88. Бюл. №36 30.09.90	Бетон және құрылыс материалдарын даярлау үшін гравитациялық араластырғыш
	Ресей, патент RU 2014227 C1 5 B 28 C 5/08	Фактурович Д.А. Ресей, приоритет 04.10.91. Бюл. №11 15.06.94	Құрылыс материалдарына арналған гравитациялық араластырғыш
	Ресей, патент RU 2036797 C1 6 B 28 C 5/00	Коваль Ю.В. және т.б. Ресей, приоритет 22.01.92. Бюл. №16 09.06.95	Цемент пен басқа материалдардан қоспа жасауға арналған қондырғылар мен тасымалдау құралдары
	КСРО, патент SU 1646875 A1 5 B 28 C 5/08	Бирюков А.И. СССР, приоритет 29.06.88. Бюл. №17 07.05.91	Жылжымалы бетон араластырғыш
	Ресей, патент RU 2010707 C1 5 B 28 C 5/20, 5 B 01 F 9/02	Липкин Г.З. Россия, приоритет 01.07.91. Бюл. №7 20.04.95	Гравитациялық араластырғыш

### 1.1 кестенің жалғасы

1	2	3	4
